



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
**БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

**PROCEEDINGS**  
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL  
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL  
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

**24 СӘУІР 2024**

**24 APRIL 2024**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL  
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

Астана, 2024

Astana, 2024

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-337-997-5

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

<b>Мақыш С.Б.</b>	- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
<b>Бейсенбай А.Б.</b>	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
<b>Акижанова Д.М.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
<b>Ескиндиrowa М.Ж.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
<b>Алшинбаева Ж.К.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
<b>Киманова Л.Б.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
<b>Ныгманова Д.К.</b>	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
<b>Акшулакова Б.К.</b>	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

### Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Варшава университеті Қолданбалы лингвистика институты (Варшава қ., Польша)
- Атылым университеті (Анкара қ., Түркия)
- Әзірбайжан тілдер университеті (Баку қ., Әзірбайжан)
- Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты (Қоқан қ., Өзбекстан)

### Partners of the International scientific and practical conference

- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Institute of Applied Linguistics of the University of Warsaw (Warsaw, Poland)
- Atylym University (Ankara, Turkey)
- Azerbaijan University of Languages (Baku, Azerbaijan)
- Kokand State Pedagogical Institute (Kokand, Uzbekistan)

### Партнеры международной научно – практической конференции

- Люблянский университет (г.Любляна, Словения)
- Институт прикладной лингвистики Университета Варшава (г.Варшава, Польша)
- Университет Атылым (г.Анкара, Турция)
- Азербайджанский университет языков (г.Баку, Азербайджан)
- Кокандский государственный педагогический институт (г.Коканд, Узбекистан)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 312 – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде

ISBN 978-601-337-997-5

**«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас»** халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция барысында аударма, тіл және мәдениет, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерді дамытуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Конференция цифрлық дәуір жағдайында аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ілгерілетуге ықпал ете отырып, халықаралық ғылыми және академиялық ынтымақтастықты, кәсіби байланыстарды орнату және нығайту мақсатында тәжірибе және білім алмасу үшін бірегей мүмкіндік берді.

Сборник материалов международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»** предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. В ходе конференции обсуждались важнейшие вопросы, связанные с развитием исследований в области перевода, языка и культуры, а также межкультурной коммуникации. Конференция предоставила уникальную возможность для обмена опытом и знаниями в целях установления и укрепления международного научного и академического сотрудничества, профессиональных контактов, способствуя продвижению научных исследований и практического опыта в области перевода и межкультурной коммуникации в условиях цифровой эпохи.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translation practitioners, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. During the conference, the most important issues related to the development of research in the field of translation, language and culture, as well as intercultural communication were discussed. The conference provided a unique opportunity for the exchange of experience and knowledge in order to establish and strengthen international scientific and academic cooperation, professional contacts, contributing to the promotion of scientific research and practical experience in the field of translation and intercultural communication in the digital age.

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024

© L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024

© Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2024

сипатталған оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды ескермеген, тағылымды әңгімелерін мүлде алып тастаған.

### **Қорытынды.**

Қорытындылай келгенде, ұлт санасы мен мәдениетімен тығыз байланыстағы реалий сөздер, жалқы есімдер, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері секілді тіл құбылыстарының және түрік мәдениеті мен діни дүниетанымын орыс тіліне аударуда аудармашысының түпнұсқа тілін білмеуі болып шығады.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
2. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/39380>
3. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері. // Көркем аударманың мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1957.
4. <https://syrboyi.kz/adebiet/yrmyzy-zhne-alamger-35957/>
5. <https://www.livelib.ru/quote/45892418-imya-mne-krasnyj-orhan-pamuk>
6. Pamuk O . Benim Adım Kırmızı. URL: <https://www.pdfkitaparsivii.org/orhan-pamuk-benim-adim-kirmizi/>.
7. Памук О. Меня зовут красный / Пер. В. Б. Феоновой // Иностранная литература . 2001. № 9. URL: <https://magazines.gorky.media/inostran/2001/9/menya-zovut-krasnyj.html>.
8. Памук О. Имя мне — Красный / Пер. М. Шарова. 2011. URL: <https://www.litres.ru/orhan-pamuk-2/imya-mne-krasnyu/chitat-onlayn/> .

## **ҒТАХР 16.01.11**

### **ТАҒАМ-СУСЫН АТАУЛАРЫНЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Ж.РОУЛИҢҒИҢ «ХӘРРИ ПОТТЕР ЖӘНЕ ПӘЛСАПА ТАС» КӨРКЕМ ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)**

**А.С. Бейбітова**

Докторант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

[aidanabeibitovaa@gmail.com](mailto:aidanabeibitovaa@gmail.com)

*Аңдатпа.* Мақалада Ж. Роулиңғиң «Хәрри Поттер және пәлсапа тас» көркем шығармасындағы гастрономиялық аспектісі тұрғысынан тағам-сусын атауларының қазақ тіліндегі аудармасы қарастырылды. Дәстүрлі ағылшын тағамдарын білдіретін белгілі бір ұлттық сипаттағы лексемалардың қолданылу жиілігі туралы, олардың қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері туралы ақпарат берілді. Соңғы онжылдықта әлемнің гастрономиялық бейнесін көп қырлы зерттеу, лингвомәдени және аударма аспектілеріндегі гастрономиялық өнімдерді кешенді талдау үрдісі белсенді дамып келеді. Әртүрлі елдердің танымал әдебиеттерінде тамақтану әдеттері мен тамақтану дәстүрлері туралы сипаттамалардың айтарлықтай санының болуы бұл тақырыптың ұлттық мәдениетті көп қырлы құбылыс ретінде зерттеу контекстінде маңыздылығын көрсетеді және, атап айтқанда, кең ауқымды мүмкіндіктер береді. «Тағам» түсінігін жан-жақты зерттеу адамдардың белгілі бір тобына тән тағамдық дәстүрлерді мәдени-тарихи талдаумен ұштасады.

*Түйін сөздер:* көркем аударма, тағам-сусын атаулары, аударма әдісі, аударма ерекшелігі.

*Аннотация.* В статье рассматривается перевод названий блюд и напитков на казахский язык с позиции гастрономического аспекта литературного произведения Дж. Роулинг «Гарри Поттер и философский камень». Был проведен анализ перевода отдельных

национальных лексем, обозначающих традиционные английские блюда, и особенности их перевода на казахский язык. В последнее десятилетие активно развивается тенденция многопланового исследования мирового гастрономического имиджа, комплексного анализа гастрономической продукции в лингвокультурологическом и переводческом аспектах. Наличие значительного количества описаний пищевых привычек и пищевых традиций в популярной литературе разных стран показывает важность данной темы в контексте изучения национальной культуры как многогранного явления и, в частности, дает широкий спектр возможности. Комплексное исследование понятия «еда» сочетается с культурно-историческим анализом пищевых традиций, характерных для определенной группы людей.

**Ключевые слова:** художественный перевод, названия блюд и напитков, методы перевода, особенности перевода.

**Abstract:** The article discusses the translation of the names of meals and drinks into the Kazakh language from the perspective of the gastronomic aspect of J. Rowling's literary work "Harry Potter and the Philosopher's Stone". It was provided on the frequency of use of individual national lexemes denoting traditional English meals, and the features of their translation into the Kazakh language. In the last decade, the trend of multifaceted research into the world gastronomic image and a comprehensive analysis of gastronomic products in the linguocultural and translation aspects has been actively developing. The presence of a significant number of descriptions of food habits and food traditions in the popular literature of different countries shows the importance of this topic in the context of the study of national culture as a multifaceted phenomenon and, in particular, provides a wide range of opportunities. A comprehensive study of the concept of "food" is combined with a cultural and historical analysis of food traditions characteristic of a certain group of people.

**Keywords:** literary translation, names of meals and drinks, translation methods, translation features.

### **Кіріспе.**

Тілдік сананың ерекшеліктерін және оның әлемнің тілдік бейнесінде көрініс табуын зерттеу өзекті ғылыми мәселе және философтардың, психологтардың және лингвистердің зерттеу пәні болып табылады. Сөз тілдердің ортақтығын сезінуге де, ұлттық дүниетаныммен және поэтикамен байытылған өзіндік ерекшелігін сезінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіл біліміне тамақтану терминологиясын зерттеу ерекше орын алады. Бұл тұста А.Ш. Жылқыбаеваның еңбектерінде ас, тағам атаулары, тағамға байланысты салт-дәстүрлер жан-жақты зерттелгенін атап өту қажет. С.А. Арутюнов, Ф.Ш. Нуриева, Ж. Манкеева, Р.С.Нурмухаметова, М. Р. Саттарова сынды зерттеушілердің қосқан үлесі зор.

Ұлттық ерекшелік этникалық бірегейлікті білдіретін және адамның қоршаған ортаға қатынасын ашатын тағам, сусын атауларында айқын көрініс табады. Мәдениеттің бұл элементі ұлттың тілдік санасында ұлттық талғамдарымен, ерекшеліктерімен және алуан түрлілігімен бейнеленеді, себебі тамақтану адам болмысының ажырамас бөлігі, өзін-өзі және қоршаған ортаны түсіну жолында физикалық және психикалық күштің негізі болып табылады. бізді қоршаған әлем, оның адамдар өміріндегі маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. «Бұл жер – барлық жаратылыс үшін бал (яғни, тағам), барлық жаратылыс – бұл жер үшін бал», «Бүкіл әлем – азық», барлық ағзалар – олардың мазмұны болып табылатын қорек формасы [1, 273б.]. Сондықтан тағам атауларының негізінде көптеген эстетикалық ойлардың, теңеулердің, коннотациялардың, поэтикалық метафоралардың құрылуы орынды.

Тағам, оның құрамы, күнделікті, мерекелік, салт-дәстүрлік тағамдарды дайындау, тамақтану тәртібі, дастархан басындағы әдептілік – барлығы белгілі бір халықтың этникалық және әлеуметтік дүниетанымымен тығыз байланысты. Әртүрлі халыққа тән тамақ өнімдерінің жиынтықтарында, оларды өңдеу тәсілдерінде, тағам түрлері мен оларды дайындауда, тағамдық артықшылықтар дәстүрінде немесе керісінше, тағамдық шектеулер мен тыйымдарда, ұйымдастыру нысандарында, олармен байланысты әдеп-ғұрыптарда,

сондай-ақ материалдық және рухани мәдениеттің тағамға қатысты көптеген басқа аспектілерінде халықтың ұзақ бойы қалыптасқан этникалық және әлеуметтік тарихы көрініс табады [2, 170б.]. Тағам – материалдық мәдениеттің элементі; тағам-сусын атауларында дәстүрлі белгілер сақталады. Сонымен қатар, бұл когнитивтік топта кірме сөздер, модификацияға, вариацияға ұшыраған сөздер және неологизмдер көп. Тағам-сусынға байланысты құбылыстарды зерттеу үлкен тарихи және мәдени қызығушылық тудырады.

Кейбір тағам атаулары символдық мәнге ие болды, бұл, атап айтқанда, тұрғындардың фольклорлық ерекшеліктерінде байқалады.

### Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу материалы ретінде Ж. Роулиннің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» көркем шығармасы алынды. Шығармада тағам-сусын атаулары іріктеліп алынды. Мәтінде оқырман егжей-тегжейлі гастрономия саласындағы түрлі тағам-сусын атауларын кездестіреді. Сиқырға қатысты шығарма болғандықтан, ойдан құрастырылған тағам атаулары да жоқ емес. Кейіпкерлерді сипаттауда, олардың әлеуметтік жағдайы туралы айтылғанда тағам атауларының маңызы зор. Хогвартс асханасында мектептегі оқушыларға таңғы ас, түскі ас және кешкі ас дайындалады. Сол себепті аталмыш көркем шығарма тілінің аударылу жайын қарастырғанда тағам-сусын атаулары лексикалық қабатын назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Ағылшын және қазақ тіліндегі тағам атауларын қарастыруда іріктеу, салыстыру зерттеу әдістері қолданылды.

### Талқылаулар

Түпнұсқа мәтіні	Аударма мәтіні
At half past eight, Mr. Dursley picked up his briefcase, pecked Mrs. Dursley on the cheek, and tried to kiss Dudley good-bye but missed, because Dudley was now having a tantrum and throwing his <i>cereal</i> at the walls [3, 1 б.].	Сағат сегіз жарым болғанда мистер Дурсли шабаданын қолына алып, миссис Дурслидің бетінен сүйді. Алдындағы тамағын жегісі келмей, <i>сүтке шыланған жүгері қауызын</i> жан-жағына шашып отырған Дадлидің бетінен сүймек болып еміне беріп еді, жете алмады [4, 12 б.].

Ағылшын тіліндегі бір ғана «*cereal*» лексикалық бірлігі қазақ тілінде «*сүтке шыланған жүгері қауызы*» тұтас лексикалық бірлікпен беріліп, түсіндіру мақсатында қосу тәсілі қолданылған. Осыған байланысты Л.С. Бархударов аудармаға қосудың қажеттілігін тудыратын себептердің бірі ретінде түпнұсқа тіліндегі сөз тіркестерінің семантикалық компоненттерінің айқындалмауын, сөйлем құрылымын синтаксистік қайта құру кезінде қосымша компоненттерді қосу керектігі, сондай-ақ түпнұсқа тіліндегі грамматикалық құралдармен берілген мағыналарды лексикалық құралдармен жеткізу қажеттілігін айтады [5, 173 б.]. Негізінен *cereal* сөзінің «Collins dictionary» сөздігіндегі мағынасы – any grain used for food, as wheat, oats, or rice (бидай, сұлы немесе күріш, т.б. сияқты тағамға қолданылатын кез келген қауыз), яғни сөзбе-сөз аудармасы «қауыз» [6]. Сөздікте берілген баламасын аудармада қолдана отырып, «Алдындағы тамағын жегісі келмей, *қауызын* жан-жағына шашып отырған Дадлидің бетінен сүймек болып еміне беріп еді, жете алмады» деп жеткізгенде оқырманға түсініксіз болар еді. *Сүтке шыланған жүгері* тіркесін қосудың себебі – бұл таңғы ас кезінде орын алған оқиға, ал таңғы асқа *сүтке шыланған жүгері* жеу ағылшын халқының әдетіне айналған.

Түпнұсқа мәтіні	Аударма мәтіні
Would you care for a <b>lemon drop</b> ?" "A what?" "A <b>lemon drop</b> . They're a kind of Muggle sweet I'm rather fond of." "No, thank you," said Professor McGonagall coldly, as though she didn't think this was the moment for <b>lemon drops</b> [3, 7 б.].	<b>Лимон кәмпит</b> жеймісіз? Не? <b>Қантқа салынған лимон кәмпит.</b> Мағлдардың мен жақсы көретін тәттісі. Жоқ, рахмет, - деді профессор Макгонагал салқын ғана. <b>Кәмпит</b> жеп отыратын кез емес деп ойласа керек [4, 10 б.].

*A lemon drop* тіркесі қазақ тілінде үш түрлі аудармамен берілген:

a lemon drop – лимон кәмпит,

a lemon drop – қантқа салынған лимон кәмпит,

lemon drops – кәмпит.

Бірінші аударма сөзбе-сөз аударма. Екінші аудармасында *қантқа салынған* сынды лексикалық бірлік қосылған. Кейде түпнұсқа тілдегі құрылымда белгілі бір сөздің не элементтің айтылмай қалуы, көрінбей тұруы мүмкін. Ал аудармада сол элементті көрсетуге тура келетін жайттар болады. В.С. Слепович: «Бұл тәсіл аударма үдерісінде түпнұсқа тілінің лексикалық бірліктеріне компрессия тән болған жағдайда аса қажет» деп көрсетеді [7, 98]. Алайда бұл тұста қосу тәсілінің орынсыз қолданылғанын атап өту қажет. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» *кәмпит* (лат. confectum) – шағын кесек немесе плитка тәріздес тәтті кондитерлік өнім. Кәмпит – түрлі-түсті пішінді, дәмі әртүрлі, құрамында 60-75% қанты бар, жұмсақ та, қатты да болып келетін кондитерлік өнім. Қантқа салынған кәмпитті елестету қиын. Сол себепті лимон кәмпит деп қалдыру немесе лимон дәмі бар кәмпит деп аударған жөн. Үшінші аудармада бір лексикалық бірлік түсіріліп, тек *кәмпит* сөзі қалған. Түпнұсқа мазмұнына нұқсан келтірілмегендіктен, аударма үдерісінде түпнұсқадағы *лимон* сөзі алып тасталған.

Түпнұсқа мәтіні	Аударма мәтіні
I want you to look after the <b>bacon</b> [3, 12 б.].	<b>Беконды</b> табаға салып қойдым, сен қуыра бер [4, 28 б.].

Лексикалық трансформацияның негізгі түрі транслитерация әдісі қолданылған. Транслитерация (латын *litera* - әріп) тілдің жазбаша түріне қатысты: бір немесе басқа әліпбиде жазылған мәтін басқа жүйенің алфавитімен беріледі. Бұл жағдайда екі әліпбидің әріптерінің сәйкестігі ғана ескеріледі. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінің» қоғамдық тамақтандыру бөлімінде *бекон* (ағылш. *bacon*) — арнайы бордақыланған шошқа етінің жарты ұшасынан алынған өнім [8, 16 б.]. Тұздалған немесе ысталған болып екіге бөлінеді.

Түпнұсқа мәтіні	Аударма мәтіні
The Dursleys bought Dudley and Piers large <b>chocolate ice creams</b> at the entrance and then, because the smiling lady in the van had asked Harry what he wanted before they could hurry him away, they bought him a cheap <b>lemon ice pop</b> [3, 17 б.].	Дурслилер Дадли мен Пирске екі үлкен <b>шоколад балмұздақ</b> алып берді. [4, 34 б.] Сатушы әйел күлімсіреп, Хэрриден не қалайсың деп сұраған соң, амалсыз оған арзан <b>лимон дәмі бар мұз</b> сатып әперді [4, 35 б.].

Сөйлемнің бөлшектенуі – түпнұсқадағы сөйлемнің синтаксистік құрылымының АТ (аударма тілі) екі немесе анағұрлым предикативті құрылымдарына өзгеретін аударманың тәсілі. Бөлшектенудің трансформациясы ағылшын тіліндегі күрделі сөйлемнің АТ екі жай сөйлеміне айналған. *Chocolate ice creams* – *шоколад балмұздақ* – аударма үдерісінде транскрипция мен калькалаудың бір мезгілде қолданылуына мысал. Ал *lemon ice pop* сөз тіркесіндегі алғашқы бірлік қазақ тілінде нақтылау мақсатында қосу тәсілі арқылы үш лексикалық бірлікпен *лимон дәмі бар* деп берілген. *Ice pop* – *мұз* деп бір лексикалық бірлікпен аударылған. Аударма жеткілікті деңгейде емес. Себебі *мұз* сөзінің мағынасы – аяздың әсерінен қатып қалған су; судың қатты күйі (Аяздың әсерінен қатып қалған су; судың қатты күйі). Ал бұл тұста *ice pop* – a liquid/cream-based frozen dessert on a stick (таяқшадағы сұйық/кілегей негізіндегі мұздатылған десерт). Демек жай мұз емес.

Түпнұсқа мәтіні	Аударма мәтіні
Soon the hut was full of the sound and smell of sizzling <b>sausage</b> [3, 33 б.].	Көп уақыт өтпей, отқа қақталып пысылдаған дәмді <b>шұжықтың</b> иісі үйді алып кетті [4, 57 б.].



Тағам атауларын аударма тіліне жеткізу кезінде тікелей аударма көп кездеседі. *Sausage* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы бар болуы себепті *шұжық* деп орынды аударылған. Синтаксистік ұқсастық сақталған.

#### **Нәтижелер.**

Ж. Роулиннің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» көркем шығармасының ағылшын тіліндегі тағам атауларының қазақ тіліндегі аудармасына талдау жасалды. Ағылшын тіліндегі тағам атаулары қазақ халқының асханасында кездеспейтін жағдайда сөзбе-сөз аударма, қосу тәсілдері қолданылған.

#### **Қорытынды.**

Қандай да бір елдің тілдік ерекшелігін, ұлттық дүниетанымы мен саяси-мәдени өмірін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігін екінші бір елге танытуда аударманың атқарар қызметі зор. Ол екі елді өзара араластырып, жақындастырып, қарым-қатынасқа түсіріп қана қоймай, олардың әдеби және мәдени құндылықтарынан сыр шертеді. Бұл жөнінде В.С. Виноградов: «Перевод ... служил и служит целям общения и обмена духовными ценностями между народами» [9, 5б.], – деп, аударманың халықтардың рухани құндылықтарымен өзара алмасуына ықпал ететінін айтады. Алайда аударманың барлығы бірдей ұлттық ерекшеліктерді, дүниетанымды толық ашып, сипаттай алмайтыны белгілі. Мысалы қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, негізгі рационда ет және сүт өнімдері көп болса, шығармада ағылшын тілінде бұл өнімдер атауының салыстырмалы түрде аз кездеседі. Сонымен қатар балаларға арналған көркем әдебиет болуына байланысты шоколад, кәмпит, бәліш сияқты тәттілердің жиі кездесуі қазақ тілді оқырманның мәтінді қабылдауында, прагматикада айымашылықтар бар екеніне дәлел. Бұл мәселе этнографиялық ұғым-түсініктерді мол қамтитын әдеби шығармаларды аударуда ұшырасады. Солардың бірі – тағам атаулары. Ж. Роулиннің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» көркем шығармасында берілген ағылшын тіліндегі тағам атаулары қазақ тіліне әртүрлі аударма тәсілдері арқылы жеткізіліп, лексикалық, семантикалық, синтаксистік тұрғыда түпнұсқамен бара-бар болуға қол жеткізілген.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Традиционная пища как выражение национального самосознания. Российская академия наук, Институт Этнологии и Антропологии им. М. Маклая. – М.: Наука, 2001. – 335 с.
2. Жылқыбаева, А.Ш. Түркі тілдеріндегі тағам атауларының символдық мәні. «Хабаршы». Филология сериясы, №4. Алматы, 2007.- № 4. -Б. 170-172.
3. Роулин Ж.К. – Хэрри Поттер мен пәлсапа тас. – Алматы, Steppe&World, 2021. – 324 б.
4. Rowling, J. K. Harry Potter and the Philosopher's Stone / J. K. Rowling. – L. : Bloomsbury, 1997. – 196 p.
5. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., «Международ. отношения». 1975. 240 с.
6. <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/cereal>
7. Слепович, В. С. Курс перевода = Translation course: (английский-русский): учеб. пособие для студ. вузов / В. С. Слепович. – 4-е изд., перераб. 2011.-320 с.
8. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: К54 Қоғамдық тамақтандыру. —Алматы: "Мектеп" баспасы, 2007. — 232 бет.
9. Виноградов В.С. Перевод: Общие и лексические вопросы // Виноградов В.С. – М.: Издательство КДУ, 2004. – 240 с.

**МРНТИ 16.31.41**

#### **ТЕРМИНЫ БОЕВЫХ ИСКУССТВ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ПЕРЕВОДА**

**\*А.Н.Темиржан<sup>1</sup>, С.Ж. Тажобаева<sup>2</sup>**

магистрант<sup>1</sup>, д.ф.н., профессор<sup>2</sup>

Евразийский национальный университет им. Л.В. Гумилева, Астана, Казахстан

[\\*amih2609@mail.ru](mailto:*amih2609@mail.ru)